

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Көлік және оның түрлері

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.12.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/87442/

Мектеп: Ақшұқыр мектеп-гимназиясы	
Күні:	Мұғалімнің есімі: Тугужева Диляра Анваровна
Сынып: 2	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Пәні:	Дүниетану
Сабақтың тақырыбы:	«Қандай көлік түрлері бар?»
Ортақ тақырып:	«Менің туған өлкем»
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	2.1.4.3.Көлік түрлерін, олардың қажеттіліктерін ажырату. 2.1.4.4.Қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушы: көлік түрлерін біледі. Көптеген оқушылар: Көлік түрлерін ажыратады және сипаттайды. Өзі тұратын жеріндегі жүретін көлік түрлерін біледі. Кейбір оқушылар: Көлік түрлерін топқа ажыратады және көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін біледі.
Бағалау критерийлері:	Көлік түрлерін ажырата алады. Қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін біледі. Өзі тұратын жеріндегі жүретін көлік түрлерін біледі.
Тілдік мақсаттар	Көлік. Кондуктор. Жүргізуші. Жер асты көлігі. Метро
Құндылықтарды дарыту	Топтық және жұптық жұмыс жаса арқылы бір-біріне сыйластық сезімін дарыту, жауапкершілік, кішіге қамқор болу, үлкендерді құрметтеу.
Пәнаралық байланыстар	Әдебиеттік оқу, тарих.
АКТ қолдану дағдылары (ресурстар)	Интербелсенді тақта, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Менің ауылым. Менің қалам.
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар
Сабақтың басы 3 минут	Психологиялық ахуал. «Көлік» әні «Бір минут» әдісі. 4 жұмбақ жасыру. 1. Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды. Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды. (Ұшақ) 2. Үтікке міндім, Мұхитта жүздім. (Кеме) 3. Бір біріне қарап үйлер тіркесіп, Қара тұлпар жүр әрі — бері көшіп. (Поезд) 4. Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (Автобус) ҚБ: Мұғалімнің тарапынан мадақтау:Жарайсың! Жауабын шапшаң таптың. Топтарға бөлу. Пазл әдісі (Алдымызда шашылып жатқан бөліктерден көлік түрлерін құрастыру) 1-топ, Ұшақ 2-топ, Автобус 3-топ, Поезд 4-топ, Кеме Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.

Сабақтың соңы	<p>Қорытындылау. «Ассоциация» әдісі</p> <div style="border: 1px solid #ccc; height: 20px; width: 100%;"></div> <p>Дескриптор: Көлік туралы мәліметті біледі. Ерте замандағы және кәзіргі көліктерді салыстыра алады. Айырмашылықтарын таба алады. ҚБ: «Желкенді кеме» Кері байланыс: — Қандай көлік түрлерін білдік? — Қандай көлік түрлері ұнайды? Рефлексия: «Жетістік баспалдағы»</p>	
---------------	---	--

Үйге тапсырма: «Метро көлігі адамдарға не үшін қажет?» тақырыбында шағын эссе жазу.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.